

Қазақстан Республикасының  
Әділет вице-министрі  
А.Х. Әмірғалиевпен КЕЛІСІЛГЕН

20~~02~~ жыл «29» ас жыл

2022 жылғы «28» наурыздан шыққан

Республикалық нотариаттық палата  
Басқармасының № 3 шешімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**



## НОТАРИУСТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ереже «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Нотариат туралы» Заң) талаптарын орындау мақсатында әзірленген.

1.2. Нотарустардың біліктілігін арттыру «Нотариат туралы» Заңмен және осы Ережемен реттеледі.

1.3. «Нотариат туралы» Заңның 18-бабы 1-тармағы 11)-тармақшасына сәйкес нотариус кәсіби біліктілігін арттыруға міндетті.

1.4. Осы Нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) нотариустардың біліктілігін арттыру мақсаттарын, міндеттерін, қағидаларын, нысанын, түрін және тәртібін белгілейді.

### 2. НОТАРИУСТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАЛАРЫ

2.1. Нотариустардың кәсіби білімін, шеберлігі мен дағдысын көңейту, терендету және жаңарту арқылы олардың кәсіби дайындықтарын жетілдіру, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер жөнінде хабардар ету және оларды нотариаттық қызметте пайдалану тәжірибесімен таныстыру, ұлттық электронды ақпараттық жүйелермен, тізілімдермен өзара әрекет жасау нотариустардың біліктілігін арттырудың мақсаттары болып табылады.

2.2. Нотариустардың біліктілігін арттыру жүйесінің міндеттері:

- теориялық және практикалық білімдерді, заманауи технологияларды пайдала отырып, терендету және арттыру;

- алған білімдерінің, шебеліктері мен дағдыларының негізінде нотариустардың кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерін жетілдіру;

- нотариаттық қызметті тиімді атқаруға мүмкіндік беретін нотариустардың кәсіби сапасын дамыту;

- нотариустардың нотариттық іс-әрекеттердің жаңа түрлерін жасауға қажетті практикалық тәжірибе мен білімдерді алуы;

- халыққа білікті заң көмегін көрсету барысында нотариустардың құқықтық күзыреттілігін, мәдениеті мен іскерлік тілін жетілдіру;

- республика шекарасы бойынша нотариаттық құқық қолдану тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету болып табылады.

2.3. Барлық нотариустар үшін біліктілікті арттырудың негігі қағидалары: міндеттілік, жүйелілік, реттілік, нәтижеге бағытталу, яғни жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету сапасын арттыру, нотариустың қоғамдағы мәртебесін арттыру, нотариаттық тәжірибелін, заңнаманың даму қарқының ескере отырып, оны пайдалану дағдысын жетілдіру, заманауи ақпараттық қорлар мен бағдарламалық кешендерді пайдалану дағдысын игеру және жетілдіру, коммуникативтік қабілеттілікті дамыту болып табылады.

### **3. НОТАРИУСТАРДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕССІН БАСҚАРУ**

#### **3.1. Аумақтық нотариаттық палата (бұдан әрі - АНП):**

- нотариаттық округта нотариустардың кәсіби біліктілігін арттыруда анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- нотариустарды аккредиттелген бағдарламалар бойынша заң факультеттерінің негізінде бірлесіп оқыту туралы жоғары оку орындарымен келімдер мен меморандумдар жасайды;
- нотариустардың біліктілігін арттыру жүйесі шеңберінде жоғары оку орындарының аккредиттелген оқытушыларымен сабактарды өткізу жөнінде серіктестік туралы шарттарды жасайды;
- нотариустардың кәсіби деңгейін көтермелеге бойынша іс-шараларды өткізеді;
- АНП нотариустарға беретін қуәліктерінің нысандарын бекітеді;
- жұмысының жағымды тәжірибесіне талдау жасайды, жалпылайды және бөліседі;
- нотариустардың біліктілігін уақытылы арттырып отыруына жағдайлар жасайды;
- жыл сайын нотариустардың біліктілігін арттыру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесін жалпылайды және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей Республикалық нотариаттық палатаға жібереді, сонымен қатар оның нотариустардың жиынында тақылауға шығарады;
- нотариустардың біліктілігін арттыру нәтижелерін есепке алады;
- нотариустардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- оқыту тәсілдерінің, формасының және модулінің тиімлілігіне, сонымен қатар тыңдаушылардың алған білімдерінің, шеберліктері мен дағдыларының нәтижесі туралы ойына мониторинг жүргізеді;
- АНП жанында құрылған Тәртіптік комиссиясы жүйелі түрде біліктілігін арттыру бойынша міндеттерін орындаудан бұлтарған нотариустарға тәртіптік жаза қолданады.

3.1.1. Біліктілікті арттыру бойынша оқыту бағдарламасын әзірлеген және оны аккредиттелген АНП Қазақстан Республикасы нотариустарының біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру құқығына ие болады.

3.1.2. Нотариустардың біліктілігін арттыру нәтижесі туралы мәліметтер жыл қорытындысы бойынша АНП сайтына шығарылады.

### **3.2. Республикалық нотариаттық палата (бұдан әрі – РНП):**

- нотариустардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;
- Нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені әзірлейді;
- нотариустардың біліктілігін арттыру бойынша оқыту бағдарламаларын және оқытушыларды (жаттықтырушыларды) аккредиттеуді жүзеге асырады;
- нотариустарды оқыту мәселелері бойынша жоғары оку орындарымен, мемлекеттік органдармен серіктестік туралы шарттар мен меморандумдарды жасайды;
- АНП жолдаған сұранымдарға сәйкес Центр тыңдаушыларының кұрамын құрастырады;
- нотариустардың біліктілігін арттыру бойынша тәжірибе алмасуға және оқыту іс-шараларына қатысуға шетелге жіберілетін нотариустардың тобын белгілейді;
- РНП жаңындағы нотариустардың біліктілігін арттыру орталығының нотариустарға беретін куәліктерінің нысандарын бекітеді;
- «Бюллетень нотариуса» басылымында тұрақты түрде немесе арасында «Нотариустарға көмек» айдарын ашады;
- нотариустарды оқыту тәсілдерінің, формасының және модулінің тиімлілігіне мониторинг жүргізеді;
- АНП жолдаған нотариустардың біліктілігін арттыру және кәсіби дайындау бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі туралы мәліметтерін жалпылайды.

РНП-ның оку жылышының нәтижесі туралы мәліметтері және келесі жылға арналған оку бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстары оның сайтына шығарылады.

**3.2.2. РНП жаңындағы нотариустардың біліктілігін арттыру орталығымен ұйымдастырылатын оқытулар ақылы негізде болуы мүмкін.**

## **4. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ НЫСАНДАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

**4.1. Біліктілікті арттыру түрлі бағдарламалар, курстар және семинарлар, сонымен қатар қашықтықтан оқыту арқылы жүзеге асырылады:**

- нотариаттың өзекті мәселелері талқыланатын 72 сағатқа дейінгі біліктілікті арттыру бағдарламалары. Бағдарламаны табысты игерген жағдайда, тыңдаушыларға біліктілікті арттыру сертификаттары табысталады;
- жалпы көлемі 24 сағатты құрайтын қысқа мерзімді оқыту бағдарламалары;
- нотариаттық қызметтің дербес мәселелеріне арналған таяз бағыттағы дәрістер, семинарлар.

**4.2. Біліктілікті арттыру түрлері.**

Біліктілікті арттыру түрлі ұйымдарда және оқытуудың әртүрлі жолдарын пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін:

- АНП, РНП жанындағы нотариустардың біліктілігін арттыру орталығында, ұйымдарда және жоғарғы оқу орындарында біліктілікті арттыру курстарынан өту;

- нотариат мәселелеріне қатысты семинарларға, тренингтарға, шеберлік-класстарына және басқа да іс-шараларға қатысу;

- нотариаттық қызмет мәселелері жөнінде семинарларға, конференцияларға және басқа да іс-шаралаға баяндамамен қатысу;

- еліміздегі және одан тыс жердегі оқу орындарында және арнаулы ұйымдарда өткізілетін тағылымдамалар;

- бейінді институттарда және факультеттерде өткізілетін оғыту бағдарламалары;

- нотариустың орта арнайы және жоғары білім беретін ұйымдарда заң мамандықтары бойынша оқытушылық қызметпен айналысы;

- құқықтық актілерді, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын, әзірлеу бойынша жұмыс топтарына қатысу;

- нотариат мәселелері бойынша монографиялар, кітаптар және басқа да ғылыми жұмыстар жазу және басылымға шығару;

- құқықтық ағартушылық қызметіне қатысу, құқықтың өзекті мәселелері жөнінде ашық басылымдарда мақала шығару, нотариаттық қызметтің өзекті мәселелері бойынша радио және телевиденияда сөз сөйлеу, жергілікті жерлерде (ауылдарда, поселоктарда, аудандарда) өтетін жиындарда сөз сөйлеу.

4.3. Осы Ережеде көрсетілген біліктілікті арттыру түрлері мен нысандарының тізімі толық болып табылмайды.

Нотариустар біліктілікті арттыру нысандары мен түрлерін, сонымен қатар осы Ережеде көрсетілген талаптарды ескере отырып, оны өту орнын да өз бетімен таңдайды.

4.4. РНП ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысу үшін АНП нотариустарды жібереді.

4.5. Басқа ұйымдармен өткізілетін біліктілікті арттыру бойынша іс-шараларға нотариустарды тиісті шақырту хатын алған РНП және АНП жібереді.

## **5. НОТАРИУСТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

### **5.1. Біліктілікті арттыру:**

- 1) РНП жанындағы нотариустардың біліктілігін арттыру орталығында;
- 2) осы Ережеде көрсетілген тәртіpte аккредиттелген бағдарламалар бойынша АНП-да;
- 3) осы Ережеде көрсетілген тәртіpte аккредиттелген бағдарламалар бойынша оқу орындарында, білім беретін ұйымдарда, біліктілікті арттыру орталықтарында;
- 4) осы Ережеде көрсетілген тәртіpte аккредиттелген оқытушылармен және жаттықтырушылармен жүзеге асырылады.

5.2. Нотариустар күндізгі оку, сонымен қатар тікелей желі арқылы оқыту нысаны бойынша біліктілікті арттыруды.

5.3. Біліктілікті арттыру бойынша іс-шаралар туралы ақпарат РНП мен АНП-ның интернет қорларында жарияланады.

## **6. ҰЙЫМДАР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫ (ЖАСТАҚТЫРУШЫЛАРДЫ) АККРЕДИТТЕУ**

6.1. Нотариустардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар және оқытушылар (*жастықтырушылар*) РНП немесе АНП шешімімен төмендегі талаптардың біріне сай келгенде ғана аккредиттеледі:

- 1) заң мамандықтарына дайындау саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензиясының болуы;
- 2) құқықтану пәндері саласында бес жылдан кем емес оқытушылық қызмет өтілінің болуы;
- 3) бес жылдан кем емес нотариаттық қызмет өтілінің болуы;
- 4) бес жылдан кем емес мерзімде сот жүйесінде немесе құқық қорғау органдарында қымет өтілінің болуы.

6.2. Қойылған талаптарға аккредиттеу туралы шешім сәйкес келген жағдайда, тиісті ұйыммен немесе оқытушымен (*жастықтырушымен*) бұрын өткізілген біліктілікті арттыру бойынша іс-шараларға таралуы мүмкін.

6.3. Аккредиттеуден келесі жағдайларға байланысты айырады:

- 1) осы Ережеге сәйкес қойылған талаптарға сай келмеуі;
- 2) біліктілікті арттыру бойынша жұмыстарды осы Ереже талаптарын дөрекі немесе бірнеше рет бұзу арқылы жүзеге асыру.

## **7. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТУДІ БАҚЫЛАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ**

7.1. Нотариус жыл сайын кәсіби біліктілігін арттырады.

7.2. Біліктілікті арттыру жинақтаушы баллды жүйе арқылы бағаладаны.

7.3. Нотариус жылына 6 баллдан кем емес жинауы тиіс.

Егер есепті жылда жиналған баллдар саны осы Ережемен көзделген саннын көп болса, оның артық бөлігі келесі жылға ауыстырылмайды.

7.4. Біліктілікті арттыру баллмен келесі түрде бағаланады:

- 1) нотариат мәселелеріне арналған семинарға, конференцияға, тренинге, курсқа, дөңгелек столға, шеберлік сыныбына, оның ішінде РНП, АНП және әділет органдарымен ұйымдастырылғанына, қатысу – 1 балл;
- 2) нотариаттық қызмет мәселелеріне арналғансеминарда, конференцияда, дөңгелек столда, оның ішінде РНП, АНП және әділет органдарымен ұйымдастырылғанында, баяндама жасау – 2 балл;

3) заңнаманы игеру, нотариаттық тәжірибе бойынша біліктілікті арттыру курстарында дәріс оку, оку орындарында тренинг, шеберлік сыйыптарын өткізу – 3 балл;

4) «Бюллетень нотариуса» ғылыми-тәжірибелік басылымында, басқа да заңдық басылымдарында (2 беттен кем емес көлемде) құқық мәселелері жөнінде мақаланы жариялау – 2 балл, заңдық басылымдар, БАҚ арқылы кеңес беру – 1 балл;

5) АНП және РНП жанындағы біліктілікті арттыру орталығында, РНП-мен аккредиттелген бағдарлама бойынша оку орындарында және ұйымдарда біліктілікті арттыру курстарынан өту – 5 балл;

6) орта арнайы және жоғары білім беретін ұйымдарда құқық мамандықтары бойынша сабак беру (құқықтық ағартушылық бойынша іс-шараларды, нотариаттық іс-әрекет жасау мәселелері бойынша кеңестер беруді ескермегендеге) – 5 балл;

7) «Ph.D докторы», «заң ғылымдарының кандидаты», «заң ғылымдарының докторы» – ғылыми дәрежелердің берілуі – 6 балл;

8) нотариат мәселелері бойынша многографияларды, кітаптарды және басқа да ғылыми еңбектерді жазу және басылымға шығару – 6 балл;

9) заң акітілерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын, әзірлеу бойынша жұмыс топтарына қатысу – 4 балл;

10) еліміздегі және одан тыс жердегі оку орындарында және арнаулы ұйымдарда өткізілетін тағылымдамалардан өту – 5 балл;

11) нотариаттық қызмет шенберінде нотариусты терең мамандандыру үшін заң, психология, экономика мамандықтары шегінде арнайы оку бағдарламалары бойынша білім алу – 5 балл;

12) құқықтық ағартушылық қызметіне қатысу, жергілікті жерлерде өтетін жиындарда сөз сөйлеу – 2 балл.

7.5. 7.4. тармақтың 5)-тармақшасында көрсетілген нысанда бес жылда бір рет білітілікті арттыру міндettі болып табылады.

7.6. Осы Ереженің 7.4. тармағының 7) тармақшасында көрсетілген жағдайда жиналған баллдар тек бір мерзімге ғана есепке алынып, келесі мерзімге ауыстырылмайды.

7.7. Осы Ереженің 7.3. тармағына сәйкес қажетті баллдар саны нотариус өзінің кәсіби қызметін есепті жыл бойы ұздіксіз атқармаған жағдайда пропорционалды түрде кеміп отырады.

7.8. Жүктілігі және босануы, бала күтіміне байланысты демалыста болуы салдарынан кәсіби қызметпен айналыстапайтын нотариус, немесе оның «Нотариат туралы» Заңының 10-бабы 2-1-тармағында көрсетілген негіздерге сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шешімімен лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда, тоқталған мерзімге біліктілік баллдарын жинау міндettілігінен босатылады.

7.9. Нотариустың біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысуы жазбаша және/немесе электронды түрдегі құжаттармен расталуы тиіс. Аталған құжаттардың түпнұсқалары нотариустың өзінде сақталады, ал олардың электронды түрдегі көшірмелері АНП-ға жіберіледі.

7.10. 1 қантардан бастап 30 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл нотариустың біліктілігін арттыру нәтижесі бойынша есепті жыл болып саналады.

7.11. Нотариустың біліктілікті арттыру бойынша міндетін орындағаны туралы ақпарат біліктілігін арттырғаның растайтын құжаттардың көшірмесімен бірге 1 Қосымшаға сәйкес электронды түрде АНП-та жіберетін жыл сайынғы есебінде көрсетіледі.

## **8. ҰДАЙЫ ТҮРДЕ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТИНЕҢ БҰЛТАРУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ НОТАРИУСТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Нотариустың кәсіби біліктілігін арттыру міндетін орындаған жағдайда, «Нотариат туралы» Заңның 10-бабы 2-тармағы 10)-тармақшасына сәйкес нотариус лицензиясының күшін алты ай мерзімге тоқтату түріндегі жаза қоладанылады.

**Нотариустың кәсіби біліктілігін арттыру туралы  
жылдық есеп**

1. Нотариустың тегі, аты, әкесінің аты
2. АНП мүшелігінде *(күнді белгілеу)*
3. Лицензия нөмірі
- 4 Есеп жылдан бастап жылға дейінгі мерзімге

**Кәсіби біліктілігін арттыру бойынша нотариустың қатысқан іс-шаралары**

Есепті жыл	Р/Н №	Біліктілікті арттыру түрлері және орны (қала)	Біліктілікті арттыруды ұйымдастырыған ұйымның атауы	Іс-шараның атауы	Баллда саны
201_____г.	1				
	2				
	3				
	4				
	5				
	6				
	7				
	8				
	9				
	10				

**БАЛЛДАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ**

Нотариустың қолы \_\_\_\_\_

Есепті толтыру күні \_\_\_\_\_

Есепті қабылдаған АНП-ның жауапты тұлғасы

Тегі, аты, әкесінің аты:

Мерзімге біліктілікті арттыруды қабылдау	Қабылдамау
20 ж. _____ бастап 20 ж. _____ дейін	Күні:  
Колы:	Колы:

*Есепке қосымаша ретінде беріледі:*

1. \_\_\_\_\_

—

2. \_\_\_\_\_

—

3. \_\_\_\_\_

—

4. \_\_\_\_\_

—

5. \_\_\_\_\_

—

(осы жерде көрсету және іс-шара багдарламасын, жиналған ақпараттар тізімін, біліктілікті арттыру нәтижесін рәсімдейтін және іс-шаралға қатысқаның растайтын, оның ішінде сертификаттың/дипломның/куәліктің көшірмелері және оқудың өзектілігі туралы куәландаратын басқа да құжаттарды қоса тапсыру қажет)